



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАУЫ АҒАМ

ӘДДЕБІМЕТІ

МІНСІЗДІК МЕТАФОРАСЫ



немесе аяқталмаған шығарма аңсары Фәни жалғандағы кез келген нәрсенің «тәңірінің есебінен түгенделетін» әлдебір кемісі болады; жоқ десе, адамдардың өздері ол туралы аңыз ойлап шығарады. Тас ескерткіштерді алыңыз: Мысырдың жұмбақ пирамидалары, Үнді еліндегі ғажайып Тәжі-Махал, Түркістан төріндегі қасиетті Қожа Ахмет Ясауи кесенесі... – баршамызға мінсіз, мүлтіксіз көрінетін бұлардың қай-қайсысының да шебер қолынан қапияда қалыс қалған, былайша елене бермейтін құпиялы

кем-кетігі бар. Неге? Бір мәлімі, ол олқылық – Жаратушының еншісі деп есептеледі; өйткені кемелдік Соған ғана тән. Сіз өмір сүріп жатқан дүниесарайдың да жетімсіз жерлері болуы анық. Ендеше, ғапыл һәм ғайып ғаламның, Абай айтпақшы, «...кетігін тап та, бар қалан!». Алайда асыл аңсар, айнымас арман, имандай иланым тұтқынындағы талантты суреткердің бәрібір талпынатыны — өмірді өнерге көшіріп, өлмейтін де өшпейтін құбылыс қылу, мәңгілік мұраттың жетегіне жегу, сөйтіп өзі мен өзгенің жүрек түкпірінен, жан тылсымынан, жұлын торабынан БҮТІН БІТІМДІ іздеу. Міне, академик-жазушы Зейнолла Қабдолов сондай ақша бұлтты заңғардың нағыз, алтын бармақты зергердің нақысы еді. Ол бейопа болмыста, әдеби әлемде күнбе-күн кездесетін дарақы дүрегейлікті, таңқы таяздықты, мағынасыз мақтангөйлікті, жеңіл желбуаздықты «бас жарып, көз шығармай-ақ» мақтамен бауыздап беретін сирек сипаттардың – саф сұлулықтың, көлгірсіз көңілдің, таза табиғилықтың тілеуқоры болатын.

Әлбетте, «сөзден әсем сарай соққан» ұлы мәртебелі ұстаздың өткінші өмірде бітіргені де, бітіріп үлгермегені де бар...

Орыстың тамаша ақыны, «Русьте өмір сүрген кімге жақсы?» атты шығарманың авторы Николай Некрасов бақиға аттанар алдында: «Мен бір ғана нәрсеге өкінемін: ол – осы поэманы аяқтай алмай бара жатқаным», – деген екен. Мұндай кепке Пушкиннің «Дубровский», Лермонтовтың «Вадим», Алексей Толстойдың «Бірінші Петр», Горькийдің «Клим Самгиннің өмірі» романдары да килігіпті. Лев Толстой жазған «Есуастың жазбалары» да ақырына дейін апарылмаған. Сөйте тұра, олардың бәрі әлдеқашан-ақ әдебиет тарихының төрінен орындарын ойып алған, еш күмәнсіз, күмілжусіз әрі күштеусіз ұлттық классиканың қатарына кіргізілген. Себебі, біреу-ақ: толық түйінделмесе де, биік талап пен талғамға әбден лайықтығы. Композитор Вольфганг Амадей Моцарттың атақты «Жан азасы» («Реквием») туындысын ол өлген соң шәкірттері тәмам етіпті деседі. Ал оны кім «шалажансар» шығарма дей алар... Сол

сияқты, өзіміздің төл рухани қазынамызға қосылған – Абайдың «Өзімнің әңгімесі», Сұлтанмахмұттың «Айтыс», Қасым Аманжоловтың «Біздің дастан» поэмалары, Бейімбеттің «Қызыл жалау», Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым», Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» романдары, М.Әуезовтің «Америка әсерлері» жолжазбасы... да мәресіне жетпей күрт үзіліп, шорт кесіліпті...

З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» атты роман-эссесінің екінші кітабы мен «Махамбет» романының да соңғы нүктелері қойылмаған, яки әлгі туындылармен тағдырлас. Бірақ бұл жерде де жазушының жазушылығы, тағы да Абайға жүгінсек, «істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес».

Задында, «Мұхтар Әуезов» тақырыбы оның сүйікті, сұңғыла шәкіртінің санасына ерте бастан ұялаған.

Отыздан енді асқан жігіттің Қырым сапары кезінде қойын кітапшасына түсірген жолжазбасындағы мына жолдар соның айғағы секілді: «Туған әдебиетке деген мақтаныш: Мұхтар Әуезов – ұлы жазушы, тірі классик. Бұл кісімен бірге жасау, оның тәлім-тәрбиесін көру – бақыт. Осыны неге ашық айтпаймыз?.. Қазіргі жазушыларға, әсіресе жас жазушыларға Мұхтар Әуезовтің тигізген және тигізіп отырған әсері ұшан-теңіз. 28.08.1958».

Төңірегіндегі тіршіліктің маңызды мезеттерін тірнектеп жиып, түртіп жазуда алдына жан салмайтын қарымды қаламгер Әзілхан Нұршайықов өзінің «Дос туралы ой» атты мақаласында («Егемен Қазақстан» газеті, 4 қазан, 2006 жыл) нақ сол, 1958 жылдың жазында Павлодар қаласында жұртшылықпен жүздесу үстінде Мұхтар Әуезовтің: «Мен жаңа қазақ әдебиетінде талантты жас жазушылардың үлкен шоғыры өсіп, жетіліп келеді дедім, сол шоғырдың алдыңғы легінде келе жатқан аса дарынды жасымыздың бірі, «Өмір ұшқыны» атты тамаша романның авторы, бүгін осы кездесу президиумы үстелінің басында отырған менің шәкіртім Зейнолла Қабдолов жолдас”, – деген лепесін өз құлағымен естігені жөнінде қалам тербеп келеді де: «Мұхаң бұл сөзді соншама мейірленіп, үлкен ықыласпен, зор ризашылықпен айтты. Сен де қатты тебірендің. Оны өңіңнен байқадым. Досым туралы ұлы адамның мұндай биік баға бергеніне мен де риза болып отырдым. Залда отырып, өзіңе қарап, ақырын алақан соқтым. Сен басыңды шайқадың. “Өйтпе, ұят болады” дегенің деп ұқтым», – деп тарқата тұйықтайды.

Міне, содан араға қырық жылдай уақыт салып, ұзақ толғаныстан, ұлы тебіреністен туған «Менің Әуезовім» роман-эссесінің бірінші кітабы жарық көрді. Жұрт жапатармағай жылы қабылдады. Мейірлі шығарманың мәртебесі шарықтап, мемлекеттік сыйлықпен марапатталды. Қайта түлеген қаламгер бойын демдеп, бір дамылдап алған соң, оның екінші кітабына кірісіп кетті.

Осы аяқталмаған туындының бір тұсында жүйрік жазушы ғана емес, сөз өнерінің сарабдал сарапшысы ретінде З.Қабдолов өзі жазып отырған дүниенің жанрлық сипатын былайша бағамдап өтеді: «Роман болғанда, мұнда да жай «роман» деп қоя салғаным жоқ. «Роман-эссе» дедім. Неге

«эссе»? Солай: эссе! Бұлай атағанда мен әдеттегі, Толстой айтқандай, кейіпкерімнің «жан диалектикасын» қуалап кететін көркем шығарманы, кәдімгі классикалық мағынасындағы роман жазуды, жай сөйлемей, сөзбен сурет салуды білмей отырғаным жоқ. Мен одан қашып, еркін кеткім келді. Ал «эссе» дегеніңіз маған сол еркіндік үшін керек болды. Сөйтіп, мен романыма кібірткісіз, іркіліссіз, кейде кейін, кейде ілгері асып, тасып түсіп отыратын, есіліп, көсілетін шалқыма сипатын бергім келді», – дейді.

Расында да, автор Әуезов туралы тамаша толғауын жеткізген жеріне дейін осы қалпынан ауытқымайды, қағидатынан айнамайды. Ұлы жазушының кемеліне келіп, кемеріне көтерілген, сол арқылы даңқы мен дақпырты жер жүзіне жайылған шаңқан шағын, «мен қай жерде отырсам, сол жер – төр» дейтін тегеурінді тұсын әріден әрлеп, беріден барлап суреттейді. Мысалы, роман-эссенің бастапқы бөлігіндегі Азия, Африка жазушылары басқосуының баяны барысында Әуезовтің «Ташкент – менің қуанған кезімнің де, қуарған кезімнің де куәсі» деген бір ауыз сөзінің қауызына сан мағынаны сыйғызады. Шабытқа мініп шырқаған зымыраны да, шынжырға түсіп шерлеген зынданы да – сол шаһар болғандығын қапысыз бедерлеп береді. Әуезовке деген өзбектің қабырғалы қайраткер-қаламгері Шараф Рашидовтың ілтипаты, «іңірде шайтан көшіретін» құбылма, құлпырма бишісі Ғалия Измаилованың іңкәрлігі мен атақты академик-жазушысы Айбектің (Мұса Тәшмұхаммедовтің) меймандостық мойындауларынан бастап, ескі қаланың еңіреме қуысында қалған, бір кезде оң жағында – Жүсіпбек Аймауытов, сол жағында – Сұлтанбек Қожанов, ортасында өзі отбасымен тұрған үш есікті құлама қыш үйге бүркеме түрде барып, көне қайғыдан көңілі құлазыған сәті... – мезгіл мен мекен аясындағы осындай күтпеген кереғарлық, кенет контраст шығарма желісін ширықтырып жіберген. Камерун жазушысы Бенжамин Матиппен әсерлі әңгімесі кезінде «Бодандық құрымай, бостандық болмай, өмір де, өнер де болмайды» деген сөздерімен отаршылдық жайындағы ойларын алғаусыз айтқызған, нәзік нұсқатқан. Ғұламаның тағдыр-талайында атақ пен арпалыстың, құрмет пен қызғаныштың қашанда қапталдаса қонғандығын, осы қарама-қайшылықтың өле-өлгенше өзегін өртегенін татаусыз мысалдармен тұспалдаған. Алексей Толстой, Леонид Леонов, Михаил Шолохов, Константин Федин, т.б. қуатты қаламгерлермен қарым-қатынасы, олардың кісілік болмысына, көркемдік бітіміне орай пікір-пайымдары ерекше сырбаздықпен, салиқалықпен өрілген. Сондай-ақ, роман-эссенің қай бетіне үңілсеңіз де, Қабдоловтың қаламгерлігіне тән мінсіз шеберлік пен мүлтіксіз шешендіктің өзара ұнасымын аңғарасыз. Осындай көркемдік келісімге баулыған, баптаған ұстазы бір күні шәкірт-шырағына сауал, сауал болғанда да мейлінше төте, мүлде тосын сауал қоймасы бар ма?! Бұл ретте роман-эссенің өзін оқып көрелік:

«Мұхаң маған бір қиын сұрақ қойды:

– Өзің білесің, мен Құнанбайдың аузына «Адамның құны не болса, міні

де сол болады» деген сөз салдым. Соңғы бірер жылда, әсіресе маған Лениндік сыйлық берілгелі өз елімізде де, шетелдерде де тек қана менің шығармаларымның құны туралы айтылады, жазылады. Ал енді менің шығармаларымның міні, демек, суреткер ретінде менің өзімнің мінім туралы сен не айтар едің?».

Сонымен, талайдан індеткен іш пікірі болса да, жас жазушы бастапқыда алып тұлғаның алдында жалтақтай жүрексініп, тұтыға тосылып қалады. «Ашық айт!» деген соң ғана ойындағысын жайып салады:

«Айтсам... Сіздің қазіргі мініңіз біреу-ақ. Жазарыңызды қолмен емес, машинкаға айтып жаздырасыз. Менің ойымша, көркем шығарманы, орысша айтқанда, «диктовкамен» жазуға болмайды. Тек қана қолмен жазу керек».

Айтылған сөз – атылған оқ. Нысанасын іздеп кетті. Еркіндік пен ерсілікті шатастырдым деп қауіптенген шәкірттің көкірек сарайы төңкеріліп түскен. Аңтарылған дүниесі алай-дүлей. Бұлайша бүлдіріп алармын деп пе... Оны әрі-сәрі қалпынан ұстазы құтқарды:

«Бәлі, сен батыл да айттың, батыл сөйлеп ақыл да айттың. Жалғыз-ақ соған өкінбе!».

Әрі қарай Қабдолов: «Мұхаңның міні» туралы әңгіме осы арадан басталды да кетті», – дейді.

Өкінішке қарай, бізге «Мұхаңның, Мұхтар Әуезовтің міні», яғни мақаланың басында меңзегеніміздей, «тәңірінің есебінен түгенделетін әлдебір кемісі» туралы білу бұйырмапты. Өйткені, роман-эссе тап осы тұста, нақ осы сөйлеммен тоқтап қалған...

Ендеше, Әуезовтің өз аузымен айтылуға тиіс болған «Мұхаңның міні» – мәңгіліктің мұңы. Ол – АҒА ДОС, ІНІ ДОСҚА айналған ұстаз бен шәкірттің өздерімен ала кеткен құпиясы.

Сондықтан, бәлкім, «Менің Әуезовім»-нің» екінші кітабы осы бір «ақырына дейін айтылмағандығымен» (орысша – «недосказанность») құнды да қызықты шығар...

Қабдоловтың жазу үстелінде аяқтаусыз қалған тағы бір сүбелі, сүйекті шығарма түзуден үмітті дүниесі – «Махамбет» романының түйдек-түйдек фрагменттері негізінде де осыған ұқсас байлам жасауға болады. Өзі «өмірдегі қасіреттің синонимі, өнердегі қасиеттің символы» деп бағалаған Махамбет Өтемісұлы жайындағы толымды деректер мен тоқетер дәйектерге, сонымен қатар ақын жырларының ішкі сырлары, ілгешек сарындарына барынша бойлай отырып, жазылашақ шығармаға автор алғашында «Ақын ажалы» немесе «Ақын өлімі» деп ат қоймаққа ниеттеніпті. Бұған қарағанда, бастапқыда хикаят ретінде ойластырылған туындыға Махамбеттің өзінің – «Желпілдеген ала Ту// Жиырылып ойға түскен күн», Лермонтовтың «Погиб поэт! – невольник чести...» деген өлең жолдарын эпиграф етіп таңдауының астары айқын секілді. Ол – ең алдымен елдің «ардан туған, арман қуған» аяулы ақынын, бел буған батырын сатқындықпен, сұрқиялықпен құрбандыққа қиған қорқау, қаскөй, қайрансыз тірліктің тұңғиығын тексеру, қалтарысын қопару, төркінін таныту болса керек-ті. Бұл трагедияны

түйсіндіріп, тереңнен тепсінту үшін қаламгер қолайлы көркемдік кілт тапқан. Өмірдің жақсысы мен жаманына, қызығы мен қияметіне әбден тойған, жаттың түткенінен, жақынның түрткенінен қажыған Махамбеттің тұтқиылдан көрген таңғы түсінде өз басы өз алдына келіп, кеудесіне бетін басқан, сәлем-сауқат сұраған сияқтанады. Сөз жоқ, «өлім – хақтың» хабаршысы. Одан әрі... жапандағы жалғыздық, орам-орам ой, тарау-тарау толғаныс, сары-сартап сағыныш... Ақылды Бөкей, қазымыр Шығай, бекзат Жәңгір, сұлу Фатима, бірбеткей Өтеміс, сергек Үсе, құзғын Қарауылқожа, сайын Исатай, қайратты Ұлтуған, ұяң Ақборық, сымбатты Науша, аяр Баймағамбет, танық Ықлас бейнелері... Нарын, Тайсойған, Бекетай, Бүйрек, Қарабау, Кеңқоқты, Замантау көріністері... Жазушының сөзбен салған пейзаждары, сомдаған портреттері соншалықты дәл, дөп; құдды сол ортада отырғандай, сол күйді кешкендей, сол кісілермен көзбе-көз кездескендей әсерде қалдырады. Әсіресе, ақынның ақырғы қонысы – Қаройдың суреттемелері қою, қалың, қанық. Жазушы тақап тұрған сұмдықты сезіну, қайсыбір қатерді аңдау мен аңғару күйлерін бесін ауа бергендегі көк жүзінің келбетін ажарлай кескіндеу арқылы керемет ишаралаған. Көкжиекте қызғылт-сары кейіпте көлбеп, «бұдай бұрқыраған немесе түбіттей түтілген» будақ-будақ бұлттардың алуан айшықты порым-пішіні ақын көзіне Жасқұстағы Орда шаһарын елестетеді. Оның ізінше: «Махамбет аспандағы бұлтқа телміріп ұзақ тұрды; қызыға қарап, қатты толқып ойланып тұрды: «Япырмай, тіршілік түп-түгел жерден кетіп, аспанға көшкен бе, қалай?!». Сөйткенше болған жоқ, «сау желіп, суыт келе жатқан тосын тобырдан секем алады». Баласына нұсқау береді. Қаруын сайлайды. Жеті жүргіншінің үшеуі – өзіне жақсы таныс Ықлас, Мұса, Жаңбырбай үйге қарай беттейді. Қалған төртеуінің өз арғымағының тұсауын ағытқан оқыс қимылын қаперіне алғанша, әлгі үштік «Ассалаумалейкумдеп» ақжарқын амандасып, жанына жетіп барады. Құр қолдарына қарап, сәлемші екендеріне сеніп, «төрлетіңдер», – дейді.

«Бәрі үйге кіреді». Шығарманың соңғы сөйлемі – осы. Сөйтіп, оқиға осы тұста түбегейлі аял тауып, Махамбеттің қалай мертігетіні жазушының жұмбағы қалпында қалған. Бұған қарамастан, «Махамбет» романының біткен бөлігі – Қабдоловтың қаламгерлік қуатының мән-машығын байқататын мұрасының бірі. Асылы, жайсаң жазушы, ұлық ұстаз Зейнолла Қабдолов қалдырған дегдар дүние – бүгіннен болашаққа баратын мәйекті мұра.

Амантай ШӘРІП.